


Darmen мобильді қосымшасын орнату жөніндегі нұсқаулық




Қосымшаны орнату үшін Play Маркет бағдарламасына кіру керек. Одан әрі, іздеу белгішесін нұқып, іздеу жолына **Darmen** деп теріп, пайда болған тізімнен **Darmen** қосымшасын тандап, «Орнату» батырмасын басыңыз.



1-сурет. Playmarket 2-сурет. Іздеу жолында Darmen табу

3-сурет. Darmen орнату

Бұдан әрі «Ашу» батырмасын басып, мобильді қосымшаға тіркелу қажет. **МАҢЫЗДЫ!** «Жалпы» бөлімінде жалпы сипаттағы хабарламаларды аторизациясыз алуға мүмкіндік беретін «ӨТКІЗУ» батырмасы пайда болды. Сондай-ақ, телефон нөмірін енгізу кезінде ерекше назар аудару керек, өйткені телефон нөмірі қолданушыны қосымшада сәйкестендірудің негізгі факторы болып табылады.





4-сурет. Қосымшаны ашу

5-сурет. «Өткізу» батырмасы

6-сурет.Телефон нөмірін енгізу

Жоғарыда сипатталған тәсілмен тіркелген пайдаланушы жеке хабарламаларды алу үшін ТЖД анықтамалығында көрсетілген телефон нөмірін енгізу үшін ЖСН жолында профильді түзетуге кіруі тиіс.



Профильді өңдегеннен кейін «Өзгерістерді сақтау» маңызды. Сондай-ақ, қосымша ТЖД желісі бойынша қаланың түрлі мәселелері туралы ақпараттық хабарламалар алуға мүмкіндік береді. «Құлақтандыру» бөліміне кіру кезінде бас қала ретінде профильді жүйеге келтіру кезінде орнатылған қала үшін ақпараттық хабарламалар көрсетіледі.

